

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Толық атауы
Қысқартылған атауы

"Capital Leasing Group (Капитал Лизинг
Груп)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"CLG" ЖШС

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні;

12.03.2020

2) эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда);

03.08.2021

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқаша атауы;

Толық атауы

Қазақ тілінде

"Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Орыс тілінде

Товарищество с ограниченной ответственностью "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)"

Ағылшын тілінде

«Capital Leasing Group» Limited Liability Partnership

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде

"CLG" ЖШС

Орыс тілінде

ООО "CLG"

Ағылшын тілінде

«CLG» LLP

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі;

Эмитенттің атауы өзгерген жоқ.

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;

Эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған жоқ.

6) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлғалардың филиалдарының (өкілдіктерінің) есептік тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошта мекенжайлары көрсетіледі;

Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері жоқ.

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

200340013915

8) ISO 17442 "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) (Файнаншл сервисез – Лерал Энтити Айдэнтифайер) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier (Лерал Энтити Айдэнтифайер) коды (бар болса).

Эмитентте Legal Entity Identifier коды жоқ.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электрондық поштаның мекенжайы, сондай-ақ эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайы көрсетілген эмитенттің орналасқан жері.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Орналасқан жері: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210Б үй, пошталық индексі 050051
Нақты мекен-жайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210Б үй, пошталық индексі 050051
Телефон: +77774077753
Факс:
Электрондық пошта: info@clgroup.kz

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

- 1) облигациялардың түрі. Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі;
Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.
- 2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);
1 000 (бір мың) Теңге
Облигациялардың номиналды құны индекстелетін шама болып табылмайды
- 3) облигациялардың саны;
5 000 000 (бес миллион)
- 4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі;
5 000 000 000 (бес миллиард) Теңге
- 5) облигацияның номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.
Теңге

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі.

Осы шығарылымдағы Облигациялар қолма-қол емес түрде ақшамен төленеді.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері.
Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздері көрсетіле отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі;

Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 21% (жиырма бір пайыз) мөлшерінде номиналды құннан есептеліп, Облигациялар айналыста болатын толық мерзімге тіркелген (тұрақты) болып табылады.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы төлеу қарастырылмаған.

- 2) сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;

Сыйақы облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын, жылына 4 (төрт) рет төленеді және бұл бүкіл облигациялар айналысы кезеңінде жүзеге асырылады. Сыйақы төлеу, оны алуға құқығы бар және облигациялар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде тіркелген адамдарға, сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басында (уақыты мен

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



орны – бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдерін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жер бойынша) жүргізіледі (бұдан әрі – "Тіркеу күні").

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн;

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүргізіледі. Сыйақы есептеу облигациялар айналысының бүкіл кезеңінде жүзеге асырылады және облигациялар айналысының соңғы күнімен аяқталады;

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға, сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (облигациялар ұстаушыларының тізілімдерін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) төленеді (бұдан әрі – "Тіркеу күні").

Сыйақы төлеу Эмитент тарапынан облигациялар ұстаушыларының Тіркеу күніне сәйкес тізілімде тіркелген банк шоттарына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады. Бұл төлем Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Купондық сыйақының әрбір облигация ұстаушысына төленуге жататын сомасы төлем күніне келесідей есептеледі: орналастырылған облигациялардың номиналдық құны (тиісті облигация ұстаушысына тиесілі) мен кварталдық купондық сыйақы мөлшерлемесінің (облигациялар бойынша жылдық купондық мөлшерлемені төртке бөлу арқылы) көбейтіндісі ретінде.

Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақы төлеу облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн негізінде есептеліп, облигациялар айналысының бүкіл мерзімі бойы жүзеге асырылады.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;

3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық басқарумен, жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты;

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Қолданылмайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 1) оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
 - 2) секьюритизацияланған мәмілесіндегі оригиналатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
 - 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;
 - 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.
- Қолданылмайды

3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары

8. Облигацияларды орналастыру шарттары және тәртібі:

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні;
Облигацияларды орналастырудың басталу күні – облигациялардың айналысқа енгізілу күні болып табылады;
- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні;
Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні – облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады;
- 3) онда облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).
ұйымдастырылған нарығы

9. Облигациялар айналысының талаптары және тәртібі:



1) облигациялар айналысының басталу күні;

Облигациялардың айналысқа енгізілу күні – "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларына сәйкес Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткен сауда-саттық күні болып табылады.

Алғашқы сауда-саттық күні туралы хабарлама "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

2) облигациялар айналысының аяқталу күні (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигациялардың айналыс мерзімінің аяқталу күні – облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады;

3) облигациялар айналысының мерзімі (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Жылдар: 3

Айлар: 0

Күндер: 0

4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).

ұйымдастырылған нарығы

ұйымдастырылмаған нарығы

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигацияларды өтеуге арналған ақша, соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде облигацияларды өтеуге арналған сома есепке жатқызылатын орталық депозитарийде ашылған шотқа, банк аударымдарын жүзеге асыруға лицензиясы бар эмитенттерді қоспағанда, эмитентпен аударылады. Бұл ретте әрбір облигация ұстаушыға төленуге тиісті сома туралы мәліметтерді қамтитын облигация ұстаушылар тізімі қоса беріледі.

Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте осы облигация ұстаушылардың банк шоттарына аударады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, осындай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.

Облигациялар бойынша сыйақы мен номиналдық құнды өтеу өзге мүлктік құқықтармен жүзеге асырылмайды.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары;

Эмитент қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын олардың айналыс мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Облигацияларды сатып алу бағасы Эмитентпен мынадай тәртіпте айқындалады:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алынған жағдайда – сатып алу күніндегі Биржадағы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан бағасы бойынша;

- ұйымдастырылмаған нарықта – Эмитент пен өз облигацияларын сатып алуға ниет білдірген облигациялар ұстаушысы арасында келісілген баға бойынша.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы, облигациялары сатып алынатын облигациялар ұстаушыларының құқықтарын және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұзуға әкелмейді.

Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл шешім "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында орналастыру арқылы облигация ұстаушыларына жеткізіледі. Бұл хабарламада облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары және күні көрсетілуі тиіс. Хабарлама Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларына, Биржаның ішкі құжаттарына, Қаржылық есептілік депозитарийі интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіге және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес беріледі.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент тарапынан қайта орналастырылуы мүмкін.

Орналастырылған (сатып алынғандарды шегергендегі) облигациялар саны туралы ақпарат Эмитентпен Биржаға (www.kase.kz) Биржаның ішкі ережелеріне және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес ашып көрсетіледі.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі.

Эмитент облигацияларды Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде сатып алады. Эмитент Қатысушылардың жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл шешімді облигация ұстаушылардың назарына жеткізеді. Бұл туралы хабарлама жазбаша түрде беріліп, келесі ресми интернет-ресурстарда орналастырылады: "Қазақстан қор биржасы" АҚ – www.kase.kz, Қаржылық есептілік депозитарийі – www.dfo.kz және Эмитенттің корпоративтік сайты – <https://clgroup.kz/>. Хабарламада облигация ұстаушылардың ықтимал әрекеттерінің тізімі, соның ішінде Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі.

4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болса

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

Облигациялар айналыста болған бүкіл кезең ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауға міндетті:

а) облигациялар Эмитенті мен Биржа арасында жасалған листинг шартына және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

б) облигациялар Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиттік есептерді ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу. Бұл мерзімдер облигациялар Эмитенті мен Биржа арасында жасалған листинг шартына және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі;

Осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушылардың назарына бұзушылық туралы ақпаратты жеткізеді. Ақпаратта бұзушылықтың туындау себебі, оны жою тәсілі мен мерзімі туралы толық сипаттама болуы тиіс. Бұл хабарлама Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды, немесе қандай шама ең үлкен екеніне байланысты облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент алдағы сатып алу күні туралы облигация ұстаушыларға хабарлайды. Бұл туралы хабарлама Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

Орналастырылған облигацияларды Эмитент сатып алуды облигация ұстаушылардан жазбаша өтініштер негізінде жүзеге асырады және сатып алу талап түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде орындалады.;

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі.

Осы тармақпен көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, кез келген облигация ұстаушы Эмитенттің шектеулерді (ковенанттарды) бұзғаны туралы ақпарат алғаш рет жарияланған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, осы тармақтың 2-кіші тармағында көзделген тәртіппен, Эмитентке (Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша) өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап жолдау арқылы оларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигация ұстаушы өтінішті еркін нысанда береді және онда барлық қажетті деректемелер көрсетілуі тиіс:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН); мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні мен берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алынуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушысының тегі, аты және (бар болса) әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН); жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген органы; тұрғылықты мекенжайы; телефондар; банк деректемелері; сатып алынуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Сатып алу туралы өтініш бермеген облигация ұстаушылар осы проспекте көрсетілгендей облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған соң оларды өтеу құқығына ие болады.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау талаптары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

Қолданылмайды

6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Аталған облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері.

Осы шығарылымдағы облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан тартылған қаражат лизинг нысандарын сатып алуға және

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



лизингтік мәмілелерді қаржыландыруға бағытталады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.



Қолданылмайды

8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - жеке тұлға

Акционердің Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)	Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы)	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің
Гришин Сергей Викторович	12.03.2020	45
Демченко Алексей Александрович	29.07.2021	20

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - заңды тұлға

Акционердің толық атауы	Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы)	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің
TURLOV PRIVATE HOLDING Ltd. Жеке компаниясы	29.07.2021	35

9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің төрағасы және мүшелері (директорлар Кеңесінде тәуелсіз (тәуелсіз) директорды (директорларды) көрсете отырып):

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Эмитенттің басқару органы жоқ.

Лауазымы: Эмитенттің басқару органы жоқ.

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіппен еңбек қызметі туралы мәлімет Эмитенттің басқару органы жоқ.

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы Эмитенттің басқару органы жоқ.

21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

Атауы Спанкулов Махсат Бахытбекович Эмитенттің атқарушы органының функцияларын дара түрде Директор лауазымында жүзеге асырады;

Лауазымы: Директор

Атқарушы органның құрамына сайланған күн 12.05.2021

Тұлғаның өкілеттілігі 12.05.2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Спанкулов Махсат Бахытбекович Эмитенттің атқарушы органының функцияларын дара түрде Директор лауазымында жүзеге асырады. Бұл өкілеттік 2021 жылғы 12 мамырдағы №6-2021 Жалғыз Қатысушы шешіміне сәйкес берілген.

Эмитенттің Дара атқарушы органының өкілеттіктері:

- Эмитент атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Эмитентті ұсыну құқығын, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;
- Эмитент қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық еңбекақы мөлшерін және жеке үстемелерді белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза тағайындайды;
- Эмитент Жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге органдардың құзыретіне жатпайтын, Эмитенттің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті кез келген функцияларды орындайды және әрекеттерді жүзеге асырады.

Эмитенттің жеке тұлғаға тиесілі дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің әрбір тұлғаға тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері.

1) қызметтің негізгі түрі:

Негізгі қызмет түрі:

ОЭКД 64911 – Медициналық жабдықтар мен техникадан басқа қаржылық лизинг.

2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы.

Эмитенттің Жарғысында келесі қызмет бағыттары көзделген:

- Басқа топтарға кірмейтін әртүрлі машиналар, жабдықтар мен материалдық құралдарды лизингке беру;
- Қаржылық лизинг;
- Жалдау, прокат, лизинг;
- Коммерциялық қызмет;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Лизингтік қызмет маусымдық сипатқа ие. Эмитент қантардан қазанға дейін белсенді түрде лизинг қызметтерін көрсетеді, ал қараша және желтоқсан айларында белсенділігі төмендейді.

Негізгі қызмет түрінің Эмитенттің жалпы табысындағы үлесі – 100%.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Эмитент Қазақстан Республикасының аумағында қызмет атқаратын бірнеше жеке лизингтік ұйымдарды өзіне бәсекелес ретінде қарастырады. Capital Leasing Group компаниясының негізгі бәсекелестері мыналар болып табылады:

"ТехноЛизинг" ЖШС – қаржылық және жедел лизинг қызметтерін ұсынатын компания, автокөлік құралдары мен арнайы техникаларды лизингке беруге маманданған.

"Forte Leasing" АҚ – "ForteBank" АҚ-ның еншілес компаниясы, заңды тұлғалар үшін автокөлік, арнайы техника және жабдықтарға лизингтің кең ауқымын ұсынады.

"Халық-Лизинг" АҚ – нарықтағы ең ірі лизингтік компаниялардың бірі, Қазақстанның Халық банкі тобына кіреді. Жақсы дамыған инфрақұрылымымен, лизинг шешімдерінің әртүрлілігімен және кең клиенттік базасымен ерекшеленеді.

"Лизинг Групп" АҚ – шағын және орта бизнесті қаржыландыруға бағытталған әмбебап лизингтік компания, лизингтік қаржыландырудың қолжетімділігі мен клиентке жеке тәсілді басты назарда ұстайды.

4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына теріс әсер ететін факторлар:

- Лизинг алушылардың төлем қабілеттілігінің төмендеуі, бұл арнайы техниканы пайдаланатын жекелеген салалардағы қаржылық жағдайдың нашарлауымен байланысты.
- Өндірістік процестердегі үзілістер мен логистикалық тізбектердің бұзылуы салдарынан техника мен автокөлік құралдарының тапшылығының туындауы.
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеменің өсуі нәтижесінде жергілікті нарықта қарыз капитал құнының қымбаттауы, бұл лизингтік қаржыландырудың қымбаттауына әкеледі.
- Арнайы техника мен шетелдік өндірістегі автокөліктерді импорттау құнының артуына алып келетін салық заңнамасына енгізілген өзгерістер.

Негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына оң әсер ететін факторлар:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеменің төмендеуі нәтижесінде ішкі нарықтағы қарыздық қаржыландыру құнының азаюы, бұл әлеуетті клиенттер үшін лизингтік құралдардың тартымдылығын арттырады.
- Арнайы техника, жүк және жеңіл автокөліктерді жеткізудің тұрақтылығы, олардың кең қолжетімділігін және оңтайлы баға қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
- Лизинг алушылардың пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау немесе инвестициялық шығындарының бір бөлігін өтеуді көздейтін тиімді мемлекеттік бағдарламалардың әрекеті.
- Лизинг/жалдау нысанын сатып алу кезінде бірден берілетін және пайыздық табысты толық өтейтін субсидиялар арқылы дилерлік орталықтар (автосалондар) арқылы техниканы жеңілдікті бағдарламалар бойынша сату.

5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат.

Эмитент жүзеге асыратын қызмет түрі (қаржылық лизинг) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатпайды.

6) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі.

0 %.

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі:

0 %.

7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер.

Проспект ұсынылған күнге Эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе өзгеруі қаупімен, сондай-ақ одан ақша және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспаған.

8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Эмитент осы проспекте көрсетілгендерден басқа тәуекел факторларының бар екенін болжамайды.



24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Тұтынушылар туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитент өндіретін өнімнің жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын көлемде өнімді тұтынатын тұтынушылар жоқ.	0

Жеткізушілер туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің тұтынатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша жеткізушілері жоқ.	0

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің жалпы активтерінің сомасы 16 123 190 мың теңгені (он алты миллиард жүз жиырма үш миллион жүз тоқсан мың) теңгені құрайды. Қысқа мерзімді дебиторлық берешек 4 868 308 мың теңгені (төрт миллиард сегіз жүз алпыс сегіз миллион үш жүз сегіз мың) теңгені құрайды, бұл жалпы активтер сомасының 30%-ына сәйкес келеді.

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 9 380 415 мың теңгені (тоғыз миллиард үш жүз сексен миллион төрт жүз он бес мың) теңгені құрайды, бұл жалпы активтер сомасының 58%-ына сәйкес келеді.

Осылайша, жиынтық дебиторлық берешек (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) 14 248 723 мың теңгені (он төрт миллиард екі жүз қырық сегіз миллион жеті жүз жиырма үш мың) теңгені құрайды, бұл Эмитенттің барлық активтерінің жалпы көлемінің 88%-ын құрайды.

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

Дебитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
------------------	--

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Дебитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын дебиторлық берешек жоқ.	Жоқ

27. Эмитенттің эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын кредиторлық берешегі:

Кредитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің баланстық активтерінің құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын кредиторлық берешегі жоқ.	Жоқ

28. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер 8 514 050 мың теңгені, ал меншікті капитал 1 969 780 мың теңгені құрады. Осы кезеңдегі қаржылық левередж 4,3 деңгейінде болды.

2024 жылғы 31 желтоқсанда міндеттемелер көлемі 12 047 518 мың теңгеге дейін өсті, ал меншікті капитал 2 104 242 мың теңгеге жетті. Қаржылық левередж 5,7 деңгейінде тіркелді.

2025 жылғы 30 маусымдағы алдын ала (аудиттелмеген) деректерге сәйкес, міндеттемелер 13 676 744 мың теңгені, ал меншікті капитал 2 446 446 мың теңгені құрады. Қаржылық левередж 5,6 деңгейіне жетті.

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

Форс-мажор жағдайларына - алдын ала болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи апаттар, соғыс қимылдары, өкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.б.) жатады;

Мажорлық жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне сәйкес ұзартылуы мүмкін. Мажорлық жағдайлардың туындауы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес расталуы тиіс.

Эмитенттің кінәсінен осы Проспекте көрсетілген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес купондық сыйақы және/немесе негізгі қарыз төленбеген немесе толық көлемде төленбеген жағдайда,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитент облигация ұстаушыларға әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді. Өсімпұл мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне белгіленген ресми базалық мөлшерлемесі негізінде есептеледі (яғни, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге);

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент аталған дефолтқа алып келген себептерді жою және облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады. Дефолт жағдайы туындаған кезде Эмитент облигация ұстаушыларына әрбір кешіктірілген күн үшін айыппұл (өсімпұл) төлейді, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми базалық мөлшерлеме негізінде есептеледі және ақша міндеттемесін орындау күніне сәйкес анықталады. Облигациялар бойынша сыйақының және/немесе номиналдық құнының толық немесе ішінара төленбеуі дефолт болып есептелмейді, егер бұл төлемсіздік облигация ұстаушысының банк шотының дұрыс емес немесе толық емес деректемелерін ұсынуы салдарынан төлем жүргізу мүмкін болмаған жағдайда немесе "Қазақстандық қор биржасының Орталық депозитарийі" АҚ Эмитентке облигация ұстаушыларының тізілімін заңнамада және жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынбауына байланысты болса. Эмитент облигациялар бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса. Форс-мажорлық жағдайлар ретінде алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін емес жағдайлар (табиғи апаттар, соғыс қимылдары, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші актілері және т.б.) түсініледі.

Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, Эмитенттің осы проспекспен көзделген міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен кезеңге сәйкес ұзартылуы мүмкін. Эмитент дефолт жағдайы туындаған жағдайда облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуді бастамалайды, дефолттан шығудың қолайлы жолын айқындайды және облигация ұстаушылары алдындағы міндеттемелерін орындауға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлейді, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін қамтиды. Эмитент қабылдайтын шаралар облигациялар бойынша берешекті өтеу және Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталады және олар мыналарды қамтуы мүмкін: қайта ұйымдастыру, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Эмитент қатысушыларының сәйкес, оның ішінде облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып қабылданады. Эмитент дефолт оқиғаларының басталуы туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде, тәртіппен және тәсілдерді қолдана отырып жеткізеді.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Эмитент дефолт оқиғасы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның қағидаларында көзделген мерзімдерде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның интернет-ресурсында (www.kase.kz) Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелері мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарландыру орналастыру арқылы облигация ұстаушыларын хабардар етеді. Хабарландыруда мыналар көрсетілуі тиіс;

- дефолт фактісі туралы ақпарат;
- дефолт орын алған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелердің орындалмау себептері;
- облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерінің тізбесі, соның ішінде Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдері;
- дефолт оқиғасын жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.

Эмитенттің қызметі, оның ішінде ағымдағы қызметі, облигация ұстаушылардың мүдделеріне елеулі әсер ететін оқиғалар, қаржылық жағдайы туралы ақпарат "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның интернет-ресурсында (www.kase.kz) Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелері мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орналастырылады.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Қолданылмайды

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Осы Проспектінің №1 қосымшасынан қараңыз.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді бағалау, басқару, мониторингтеу және бақылау үдерісі болып табылады, ол лизингтік қызметтің негізіне алынады, корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі және операциялық қызметтің маңызды элементі болып саналады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты – жоспарланған табыстылық деңгейінде тәуекелдерді барынша азайту, Эмитент үшін қабылданатын тәуекел деңгейлерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Эмитентке ықтимал сипаттағы ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуінен болатын залалдарды шектеу.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат, қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) және олардың Эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің қызметіне лизингтік қызметті жүзеге асыру барысында пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің бағасының өзгеруі әсер етуі мүмкін. Аталған тәуекелдер ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да туындауы ықтимал.

Ішкі нарықта келесі қызметтердің құнының артуы ықтимал:

көлік қызметтері (соның ішінде лизинг нысанын клиентке жеткізу),
жабдықтар мен техниканы сервистік және техникалық қызмет көрсету,
сақтандыру қызметтері және лизинг нысандарын тіркеу қызметтері,

Эмитенттің операциялық қызметін қамтамасыз ететін IT-сервистер мен бағдарламалық қамтамасыз ету.

Аталған қызметтер құнының қымбаттауы Эмитенттің операциялық шығындарының артуына әкелуі мүмкін және соның салдарынан мәмілелердің рентабельдік деңгейіне және қаржылық тұрақтылығына әсер етуі ықтимал.

Сыртқы нарықта негізгі тәуекел факторы – импортталатын лизинг нысандарына (арнайы техника, көлік құралдары, өндірістік жабдық және т.б.) бағаның өзгеруі, әсіресе валюта бағамдарының ауытқуы және логистикалық қызметтердің қымбаттауы жағдайында. Жабдықты сатып алу құнының артуы лизингтік мәмілелердің маржиналдылығының төмендеуіне немесе лизинг нысандарының қымбаттауына байланысты клиенттер тарапынан сұраныстың азаюына алып келуі мүмкін.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) бағалардың ықтимал өзгеруіне және олардың Эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етуіне байланысты тәуекелдер.

Ішкі нарықта Эмитенттің баға саясатына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің өзгеруі, операциялық қызметтердің құнының өсуі, сондай-ақ бәсекелестердің іс-әрекеттері сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар Эмитент тарифтік саясатын икемді түрде басқарады, нарықтық өзгерістерге жедел әрекет етеді және клиенттерге жеке тәсіл қолданады, бұл лизинг шарттарының бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Сыртқы нарықта тәуекелдер валюта бағамдарының ауытқуы және импортталатын лизинг нысандарының қымбаттауымен байланысты болуы мүмкін. Алайда Эмитент бұл тәуекелдерді әртараптандырылған серіктес жеткізушілер есебінен, шарттарды бекітілген талаптармен жасау арқылы, сондай-ақ макроэкономикалық жағдайға байланысты лизинг талаптарын қайта қарау арқылы барынша азайтады.

Жалпы алғанда, аталған тәуекелдердің болуына қарамастан, Эмитенттің оларды тиімді басқару үшін жеткілікті тәжірибесі мен құралдары бар. Бұл оның операциялық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, бағалы қағаздар бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде және уақтылы орындауға мүмкіндік береді.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Шығу табиғатына сәйкес, қаржылық тәуекелдер келесіге бөлінеді:

- 1) Несие тәуекелі;
- 2) Өтімділікті жоғалту тәуекелі;
- 3) Валюталық тәуекел;
- 4) Пайыздық тәуекел;
- 5) Баға тәуекелі.

Несие тәуекелі

Эмитент лизингтік мәмілелерді жасау нәтижесінде туындайтын несие тәуекеліне ұшырайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Бұл тәуекелді азайту мақсатында жобаның барлық кезеңдерінде Эмитенттің несие тәуекеліне бейімділігін бағалауға мүмкіндік беретін рәсімдер әзірленіп, қолданылады. Аталған рәсімдерге лизинг алушының несие тарихын тексеру, оның қаржылық жағдайын талдау, жобаның ақша ағындарын болжап, ықтимал кассалық алшақтықтарды анықтау, сондай-ақ лизинг алушының іскерлік беделін тексеру жатады. Эмитент несие тәуекелдерін тиімді басқаруға қабілетті болмаған жағдайда, бұл жайт Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі

Ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарының сәйкес келмеуі, сондай-ақ лизинг алушылардың өз міндеттемелерін орындамауы, оны активтерді сатумен өтей алмау жағдайы Эмитенттің өтімділікті жоғалту тәуекеліне ұшырауын арттырады. Қажетті өтімділік деңгейін сақтау мақсатында лизинг шарттарының талаптары міндеттемелердің орындалу мерзімдеріне төлемдердің сәйкес келуін тексеру арқылы бағаланады, сондай-ақ лизингтік төлемдердің түсуі күн сайын мониторингтеліп отырады. Қолданыстағы лизингтік портфель бойынша жоспарланған түсімдер барлық қолданыстағы міндеттемелерді уақытында толық орындауға мүмкіндік береді. Эмитент өтімділік тәуекелінің қаржылық жағдайға әсерін орташа деңгейде деп бағалайды.

Валюта тәуекелі

Лизингтік жобалар аясында импортталатын лизинг нысандарының елеулі бөлігі резидент еместерден шетел валютасында сатып алынады. Теңгенің шетел валюталарына қатысты күрт әлсіреуі Эмитент қызметтерін пайдалануға және жалпы лизинг нарығындағы сатып алу қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ Эмитент шетел валютасында қаражат тартқан жағдайда валюта тәуекеліне ұшырауы ықтимал. Аталған тәуекел лизинг шарттарында лизингтік төлемдерді шетел валютасы бағамына индекстеу арқылы хеджирленеді. Валюта тәуекелі елеусіз деңгейде деп бағаланады.

Пайыздық тәуекел

Эмитенттің табысы мен операциялық ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне айтарлықтай тәуелді, бұл лизинг шарттары бойынша пайыздық мөлшерлемелерге және қарыз қаражатын тарту құнына әсер етеді. Несиелеу нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі Эмитенттің даму перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Егер қаражат өзгермелі пайыздық мөлшерлеменен тартылатын болса, Эмитенттің саясатына сәйкес, лизинг шарты да сол сияқты өзгермелі компонентпен жасалады. Қазіргі уақытта Эмитенттің өзгермелі мөлшерлеменен тартылған немесе орналастырылған қаражаты жоқ. Пайыздық тәуекелдің әсері елеусіз деп бағаланады.

Баға тәуекелі

Баға тәуекелі деп бағалы қағаздар портфелінің құнының өзгеруіне байланысты шығындар тәуекелі түсініледі. Залал тәуекелі қор нарығындағы бағаның өзгеруі жағдайында туындайды. Қазіргі уақытта Эмитенттің бағалы қағаздар портфелі жоқ. Егер бағалы қағаздарға инвестиция салу туралы шешім қабылданатын болса, баға тәуекелін басқару жеке қаржы құралдары бойынша портфель көлеміне, шығындарға лимиттер белгілеу және олардың сақталуын тұрақты түрде мониторингтеу арқылы жүзеге асырылады.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер.

Эмитент қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы ықтимал теңгерімсіздікке байланысты залалдардың туындау тәуекелінің бар екенін мойындайды. Мұндай жағдай

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



контрагенттердің міндеттемелерін уақтылы орындамауы нәтижесінде кассалық алшақтықтың немесе өзінің міндеттемелерін уақытында орындауға өтімділіктің жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін.

Мұндай жағдайлар келесі себептермен туындауы мүмкін:

клиенттерден лизингтік төлемдердің кешіктіріліп түсуі;
жоспардан тыс қаржылық міндеттемелерді орындау қажеттілігінің кенеттен туындауы;
сыртқы қаржыландыру шарттарының өзгеруі немесе қарыз қаражатының құнының артуы.
лайда Эмитент активтер мен міндеттемелер құрылымын тұрақты түрде мониторингтеп отырады, сондай-ақ өтімділікті болжау үлгілері мен сценарийлік талдау құралдарын қолдана отырып басқарады. Эмитент қысқа мерзімді қаржылық қиындықтар жағдайында да өз міндеттемелерін уақтылы орындауға мүмкіндік беретін ақша қаражаттарының және өтімді активтердің жеткілікті деңгейін ұстап тұрады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі.

Қаржылық тәуекелдердің әсеріне ең бейім көрсеткіштер – лизингтік қызметтен түсетін кірістер мен қаржылық жалға байланысты дебиторлық берешек. Себебі клиенттердің төлем қабілеттілігі төмендеген жағдайда мерзімі өткен берешектің артуы және операциялық табыстың азаюы ықтимал. Бұл Эмитенттің пайдасына әсер етіп, құнсыздануға резервтер құру қажеттілігін тудыруы мүмкін. Алайда Эмитент қаржылық ағындарды үнемі мониторингтеп отырады және тәуекелдерді басқарудың тиімді тетіктерін қолданады, бұл қаржылық көрсеткіштердің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Құқықтық тәуекел

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарының бұзылуы немесе Эмитент қызметінің ішкі құжаттарға сәйкессіздігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті емес тараптармен қатынастарда басқа мемлекеттердің заңнамасының талаптарының бұзылуы құқықтық тәуекелдің артуына алып келеді. Бұл шығындардың (залалдардың) туындауына және Эмитенттің қаржылық жағдайына әрі қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына, сондай-ақ ішкі құжаттарына толық сәйкес жұмыс істеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және аталған тәуекелді орташа деңгейде деп бағалайды.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Репутациялық тәуекел

Эмитент БАҚ-та немесе өзге де ақпарат көздерінде жағымсыз сипатта жариялану нәтижесінде беделіне елеулі нұқсан келтіру тәуекеліне ұшырайды. Эмитент іскерлік қызметті жоғары этикалық стандарттарға сай жүргізуге ұмтылады. Алайда Эмитенттің немесе бүкіл саланың корпоративтік мінез-құлқы туралы бұрмаланған не негізсіз теріс қабылдау оның бизнесіне, қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және даму перспективасына айтарлықтай кері әсерін тигізуі мүмкін.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Экономикалық тәуекел

Экономикалық жағдайлардың өзгеруі нарыққа айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Аймақтық немесе жаһандық экономикалық құлдырау кезеңдері Эмитент қызметтеріне сұраныстың төмендеуіне және әлеуетті клиенттер базасының қысқаруына әкелуі ықтимал. Тұтынушылардың нақты сатып алу қабілетінің төмендеуі, өз кезегінде, Эмитенттің нарықтағы өсім қарқынын және нарықтағы үлесін жоғалтуына әкелуі мүмкін, бұл оның бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етуі ықтимал.

б) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы.

Эмитенттің негізгі қызмет түрі лицензиялауды талап етпейді. Сонымен қатар, болашақта мұндай тәуекелдердің туындау ықтималдығы минималды, себебі Қазақстан Республикасының заңнамасы лицензиялауды талап ететін қызмет түрлерінің санын қысқарту бағытына бет алған. Эмитенттің негізгі қызметі бойынша лицензиялау талаптары енгізілген және/немесе өзгертілген жағдайда, Эмитент тиісті лицензиялар мен рұқсаттарды алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Айналымы шектеулі объектілерге (оның ішінде табиғи ресурстарға) құқықтарды лицензиялау талаптарының өзгеруіне байланысты тәуекелдер Эмитентке тән емес, себебі мұндай құқықтары жоқ.

Осы Проспект жасалған күнге Эмитент үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша жауапкершілік көтермейді.

Осы Проспект жасалған күнге Эмитенттің жалпы өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен түсімінің кемінде 10 (он) пайызы келетін тұтынушылары жоқ.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (занды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды.

Елдік тәуекел

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады, мұнда қызметтерді тұтынушылардың абсолюттік көпшілігі шоғырланған, бұл өз кезегінде елдік тәуекелдің жоғары деңгейін білдіреді. Басқаша айтқанда, Қазақстандағы жалпы экономикалық жағдайдың айтарлықтай нашарлауы Эмитент клиенттеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін. Клиенттік базаның елдік және өңірлік әртараптандырылуының болмауы Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және даму перспективасына елеулі жағымсыз әсер етуі ықтимал. Аталған тәуекел елеулі деп бағаланады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Операциялық тәуекел

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес тиімді басқарудың болмауы Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде барлық операциялардың ішкі құжаттарға толық сәйкестігін қамтамасыз ету қағидатын қатаң ұстанады, бұл құжаттарда барлық бизнес-процестердің регламенті айқын сипатталған. Бизнес-процестердің әртүрлі кезеңдерінде Эмитенттің бір-бірінен тәуелсіз құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бақылау рәсімдері әзірленіп, қолданылады. Аталған тәуекел елеусіз деп бағаланады.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды.

Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін климаттық және экологиялық факторларға байланысты тәуекелдер жоқ.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдарға қатысуының рөлі (орны), функциялары мен мерзімі.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарда, холдингтерде, концерндерде қатыспайды.

2) эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, осындай тәуелділік сипаты айтарлықтай тәуелді болатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге де мүшелері жатады.

Қолданылмайды.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Эмитент еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаларды иеленбейді.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

Эмитент ешбір ұйымда жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызын (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) иеленбейді.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингі туралы мәліметтер:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары):

Эмитент

Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні.

Жоқ

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:

Толық атауы: Жоқ

Қысқартылған атауы: Жоқ

Орналасқан жері: Жоқ

Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Жоқ

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Қолданылмайды

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы;

Облигациялар ұстаушыларының өкілі көзделмеген.

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

Орналасқан жері

Облигациялар ұстаушыларының өкілі көзделмеген.

Байланыс телефондары

Реквизиты платежного агента

Облигациялар ұстаушыларының өкілі көзделмеген.

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі

Келісімшарт күні

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

Толық атауы Эмитенттің облигациялар шығару бойынша қаржы кеңесшісі – «Teníz Capital Investment Banking» Акционерлік қоғамы (қысқаша атауы – «Teníz Capital Investment Banking» АҚ);

Қысқартылған атауы «Teníz Capital Investment Banking» АҚ

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

Орналасқан жері Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240Г; тел. +7 (727) 355 37 22;

Телефон нөмірі

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі б/н

Келісімшарт күні 13.03.2025

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)): Эмитенттің 2023 және 2024 жылдардағы қаржылық есептілігіне аудитті «SFAI Kazakhstan» ЖШС жүргізген. «SFAI Kazakhstan» ЖШС 2023 жылға арналған аудиторлық қаржылық есептілік шығарылған сәтте «Қазақстан қор биржасы» АҚ-мен танылған аудиторлық ұйымдар тізімінде болған. «SFAI Kazakhstan» ЖШС-не Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2022 жылғы 25 қаңтарда берген № 22001146 мемлекеттік аудит жүргізу лицензиясы бар.

Аудитордың тиесілі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдары «SFAI Kazakhstan» ЖШС-не Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2024 жылғы 03 маусымнан берген № 24020399 мемлекеттік аудит жүргізу лицензиясы бар.

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 (727) 327 68 06, +7 (775) 549 86 03

Факс нөмірі (бар болса):

Электронды пошта мекен-жайы (бар болса): info@sfai.kz

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары.

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

Осы Проспектінің №2 қосымшасынан қараңыз.

44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Эмитенттің шығындарының атауы және есептеу базасы:

Қор биржасының алдын ала алымы - 100 еселенген АЕК мөлшерінде белгіленеді.

Қор биржасының облигацияларды ресми тізімге енгізу туралы өтінімді қарау үшін алынатын листингтік алымы - облигациялардың жиынтық номиналдық құнының 0,015%-ын құрайды (АЕК-тің 100 еселенген мөлшерінен кем емес, 500 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс).

Қор биржасының бастапқы листингтік алымы - облигациялардың жиынтық номиналдық құнының 0,015%-ын құрайды (АЕК-тің 100 еселенген мөлшерінен кем емес, 1500 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс).

Қор биржасының жыл сайынғы листингтік алымы - облигациялардың жиынтық номиналдық құнының 0,025%-ын құрайды (АЕК-тің 100 еселенген мөлшерінен кем емес, 2000 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс).

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.




"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ қызметтері тарифтерге сәйкес төленеді.
Қаржы кеңесшісі мен брокердің қызметтері шартқа сәйкес төленеді.

Шығындар Эмитенттің меншікті қаражаттары есебінен қызмет көрсетушілердің шоттарына
ақша қаражаттарын аудару жолымен төленеді.

45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.

46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

СПАНКУЛОВ
БАХЫТБЕКОВИЧ
null

МАХСАТ

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

